

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 1013 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 шілдеде № 5499 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 (2019 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5321 болып тіркелді) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) әкімдіктің осы қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жариялағанан кейін оны Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мақсаты бойынша топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны			
	Балабақша		Бөбекжай-бақшалар	
	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
Жалпы мақсаттағы топтар	-	320	5124	1116
Санаторлық топтар	-	-	-	170
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	149	15
Бір айға арналған бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
Жалпы мақсаттағы топтар	-	27407	27407	27407
Санаторлық топтар	-	-	-	36201
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	40862	40862
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір тәрбиеленуші үшін төленетін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)				
Жалпы мақсаттағы топтар	-	3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 10435	3 жасқа дейін - 10435, 3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 13059	3 жасқа дейін - 10435, 3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 13059
Санаторлық топтар	-	-	-	-
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	-	-

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны					
Дербес толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталық	
мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
-	756 соның ішінде: 45 орын жарты күн болатын	860	-	14	-
-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-
Бір айға арналған бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)					
-	2 7 4 0 7 6760 орын жарты күн болатын арналған	25943	-	6761	-
-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір тәрбиеленуші үшін төленетін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)					

-	3 жасқа дейін - 10435, 3 жастан 6 (7) жасқа дейін - - 11445 1 3 0 5 9 жарты күн болумен - 0	3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 11445	-	-	-
-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК